



ШЕШІМ

26.12.2023

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

132/16-VIII

№

город Астана

«Астана қаласы әкімдігінің автокөліктік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 163-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, Астана қаласы Бюджеттік комиссия отырысының 2023 жылғы 19 желтоқсандағы №21 хаттамасына, Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 502-2793 қаулысына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Жергілікті уәкілетті орган «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Астана қаласы әкімдігінің автокөліктік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді 2024 жылдан 2030 жыл аралығы кезеңінде осы шешімінің қосымшаға сәйкес жылдар бойынша 4 749 424 731 (төрт миллиард жеті жүз қырық тоғыз миллион төрт жүз жиырма төрт мың жеті жүз отыз бір) теңге сомасына қабылдасын.

2. Астана қаласының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы шешімнің орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім қабылданған күннен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2023 жылғы 26 желтоқсандағы
№ 132/16-VIII шешіміне
қосымша

2024 - 2030 жылдар кезеңінде

**«Астана қаласының әкімдігіне автокөліктік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік-жекешелік
әріптестіктің сервистік келісімшарты» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша
мемлекеттік міндеттемелер:**

Көрсетілетін қызметтер бойынша төлемдер кестесі

Қызмет түрі	Өлш. бірл.	Жалпы	2024 жыл барлығы	2025 жыл барлығы	2026 жыл барлығы	2027 жыл барлығы	2028 жыл барлығы	2029 жыл барлығы	2030 жыл барлығы
Автокөлікке қызмет көрсету бойынша сервистік қызметтер	теңге	4 749 424 731	643 925 546	654 518 546	665 641 196	677 319 979	689 582 700	702 458 557	715 978 207